

*«Ә.Жанкелдин атындағы жалпы білім беретін мектеп»
КММ педагог-психолог Ж.Ауанованың 2020/2021 оқу
жылындағы қорытынды есебі.*

«Ә. Жанкелдин атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ-да тамыз айының соңында 2020/2021 оқу жылына қашықтықтан білім беру мақсатында мектеп психологының жұмыс жоспары жасақталып, бекітілді. Жұмыс жоспары негізгі төрт бағытты қамтыды:

- Психодиагностикалық
- Консультациялық
- Ағартушылық профилактикалық
- Түзету дамытушылық.

Сонымен қатар мектеп психолгында ата-аналармен, мұғалімдермен, оқушылармен жүргізілетін жұмыс топтамалары бар.

Биылғы оқу жылы елімізде пандемия салдарынан енгізілген төтенше жағдайға байланысты қашықтықтан оқытумен басталды. Алғашқы қоңырау онлайн түрде өткізілді. Қыркүйек айының ортасына таман 1- сынып оқушылары кезекші сынып болып ашылып, оқушылар мектепке келді. Бірінші сынып оқушыларының мектепте оқуға даярлығын анықтауда Керн-Йирасек тесті жүргізілді. Нәтижесінде барлық оқушыда жасына сай деңгей көрсетті. Нұрсұлтан Бексұлтан атты оқушы тапсырманы орындауы төмен көрсеткішке ие болды. Баланың қатарға қосылып кетуі үшін қосымша жұмысты керек етеді.

Қазан айында ата-аналарымен «Балалардың психикалық денсаулығы» тақырыбында мектебіміздің ата-аналарына аталмыш тақырып бойынша ақпараттармен бөлістім. Ата-аналар ой пікірлерімен бөлісіп, ақпараттың нәтижесінде баланың денсаулығын баста назарда ұстауда білімдерін толықтырды. 8-11 сынып оқушылары арасында «Менің психикалық денсаулығым» тақырыптарында ватсап желісімен(конференция) өткізілді. Оқушылар конференция барысында қажетті мағлұматтарды ала алды.

5-сынып оқушылардың орта мектепке бейімделуін психологиялық- эмоционалдық көңіл-күйін анықтау.мақсатында әрбір оқушыдан Филлиппс сауалнамасының қысқартылған нұсқасы Гогл Диск форматымен алынды. Қорытындысы бойынша оқушылардың 5 сыныпқа бейімделу деңгейі талапқа сай болды. Дайындық сыныбы мен мектепке жаңадан келген оқушылардың ата-аналарымен танысу мақсатында сынып жетекшілермен бірлесе отырып, онлайн жиналысы өткізілді.

Мінез – құлқы қиын, тәрбиеге қиындық келтіретін, ерекше назар аудартатын оқушыларды анықтауда пән мұғалімдерімен, сынып жетекшілермен бірлесе отырып талқылау болды. Сонымен бірге оқушылар арасындағы суицидтің алын алу жөніндегі жұмыстарына жоспар құрылды. Мақсаты: Суицид дертін болдырмау және алдын алу. Міндеттері: 1. Суицидке бейім балаларды анықтай отырып, оларға психологиялық көмек көрсету, сынып ұжымында жайлы атмосфера қаалыптастыру.2. Суицид туралы ойлардан арылту жолдарын жасау. 8-11 сынып оқушыларынан суицидтің алдын алу мақсатында Google Диск форматында мектеп психологы сауалнама алды. Сауалнамаға 84 оқушы қатысты. Атап айтар болсам, 8 сыныптан – 23, 9 сыныптан – 21, 10 сыныптан – 17, 11 сыныптан – 23 оқушы жауап берді. Сауалнама 10 сұрақтан құралып, барлық оқушы толыққанды жауап берді. Берілген сауалнамада 13 - 18 жас аралығындағы жасөспірімдердегі суицидалдық қауіпті нұсқамаларды анықтау үшін бағдарлаушы әдістеме ретінде құрылған, бірақ оны ересектерді зерттеу үшін де пайдалануға болады. Сауалнама невротикалық және күйзелістік жағдайларды анықтауға, сондай - ақ тез тіл табысқыштық деңгейін анықтауға арналған. Сауалнама нәтижесі бойынша жасөспірімдердің психологиясында ауытқушылық жоқ. Депрессияға ұшыраған,

күйзелістік жағдайға тап болған оқушы анықталмады. Сондай-ақ суицидке бейімділік байқалмады.

Сонымен қатар, «Суицидтің алдын алу туралы ата-аналарға арналған психологиялық кеңестер» тақырыбындағы баяндама мектебіміздің ата-аналарына онлайн түрде ватсап желісі арқылы таратылды.

Оқушылар арасында өз-өзіне қол жұмсау мен қиындықтардың алдын алу мақсатында брьюшора жасалып, оқушыларға таратылды.

Мектебімізде бірнеше жылдан бері «Сенім жәшігі» жұмыс істеп тұр. Мектеп ТЖО сы, сынып жетекші және психологтың қатысуымен жәшік ашылды. Жәшіктен шағымдар мен сұрақтар сондай-ақ ұсыныс, пікірлер табылмады.

«Мен зорлық-зомбылыққа қарсымын» тренингін 10 сынып оқушыларына зуум платформасы арқылы өткіздім. Оқушылар белсенді түрде қатысты. Тренинг ұнап, осындай тренингтер жиі өткізілуіне ұсыныс, пікірлерін білдірді.

16-20 қараша аралығы күндері мектебіміздің ата-аналары мен оқушыларына психологиялық қолдау және кеңес беру мақсатында «Ашық есік» күні болып хабарланды.

Желтоқсан айында 7-8 сыныптар арасында «Менің болашақ мамандығым» тақырыбында онлайн сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға 28 оқушы қатысты. Сауалнама мақсаты оқушыларға мамандықтар туралы түсініктерін кеңейту, әрбір мамандықтың атқаратын қызметімен таныстырып, болашақта мамандық таңдауға бағыт-бағдар беру болып табылады. Сауалнама нәтижесі төмендегідей болды. Оқушылардың мұғалім, заңгер мамандығына деген қызығушылықтары басым болды. Сондай-ақ сауда мен ауыл шаруашылық саласын дамуға үлес қосуды мақсат етуде.

«Мен қандай түсті ұнатамын» әдістемесі ватсап желісі арқылы 5-6 сынып оқушыларына жүргізілді. Оқушылар өздеріне ұнайтын түсті таңдай отырып, өздеріне тән мінез-құлықпен танысты. Әдістеме оқушыларға ұнады. Алдағы уақытта да осындай әдістемелер жиі өткізіліп тұрса деген ұсыныстарын білдірді.

«Мега ми» миға арналған жеңіл жаттығулар. 9-11 сынып оқушыларына ватсап желісі арқылы таратылды. Күнделікті осы жаттығуларды жиі жасап тұру арқылы оқушылар ми жұмысын жақсартып алады. Бұл жаттығулардың нәтижесін емтихан ҰБТ барысында іске асатынына күмәнәм жоқ. Жаттығулар оқушыларға ұнады.

20.01.2021 ж «Менің бейнем» тренингін аудандық мектеп психологтарына арналған аудандық семинарда зуум платформасы арқылы өткіздім. Мақсаты: қатысушылар өздерінің байқалмайтын қасиеттерін аша білуі, бірін-бірі тани біліп, психологиялық тұрғыда көңіл-күйлерін көтеру, қазіргі кездегі мінез-құлықты анықтауға арналды. Тренинг психологтарға ұнады. Семинар соңында қызығушылық танытып, тренинг ұсынғаныма жылы лебіздерін білдірді.

Мектебіміздің мұғалімдерімен соның ішінде жас мамандарға «Жас келсе, іске» тренингін өткіздім. Мақсаты: Жас жаңадан келген мұғалімдердің жаңа ортаға, ұжымға тез бейімделуіне, басқалармен ынтымақты қарым-қатынасқа түсе білуіне, ұйымшылдық қасиетін көрсете білуге, оқушымен тығыз байланыста болуға шақыру болып табылады. Мұғалімдерден жаңартылған білім мазмұнына және үш тілділікке деген көзқарастарын анықтау мақсатында сауалнама, анкета жүргізілді. Қорытындысында ұстаздардың оң көзқарас танытып отырғанын байқауға болады.

ҰБТ-ға және мемлекеттік емтиханға дайындық кезінде оқушыларды психологиялық сүйемелдеу жұмыстарының жоспары жасақталды.

Мақсаты: ҰБТ-ға және мемлекеттік емтиханға дайындық кезінде оқушылардың мінез-құлық стратегиясы мен тактикасын өңдеуін, өзін-өзі реттеуін, өзіне-өзі бақылау дағдысын оқытуын, сенімділігін арттыруын жүзеге асыру

Міндеттері: 1. Әртүрлі диагностикалық материалдар арқылы оқушылардың қызығушылықтарын зерттеу.

2. Стресске қарсы тұруын зерттеу.

3. Эмоциялық ерік сферасын дамыту.

4. Ата-аналарға психологиялық қызмет көрсету.

ҰБТ-ке немесе мемлекеттік емтиханға қалай жақсы дайындалуға болады? Стресстен қалай арылуға болады? Күйзелістен, реніштен арылу жолдары, Кікілжіңді сыртқа шығару туралы кеңестер берілді. ҰБТ-қа дайындық үшін «ҰБТ-ға сеніммен барайық» тренингтері өткізілді. Ағымдағы мәселелер бойынша оқушыларды, ата-аналарды, мұғалімдерді диагностикалық әдістердің нәтижелерімен таныстырып жеке-жеке кеңестер бердім. Голанд әдісі бойынша «Кәсіпті қолдау» тесті алынып, қорытындысын ұсындым. Оқушылардың мамандық таңдауларына бағыт-бағдар беріліп, мамандықтардың қыр-сыры жөнінде түсінік жұмыстары жүргізілді.

«Көңілді сәт» тренингіне қатысушылары жазғы сынып оқушылары болды.

Мақсаты: Оқушыларға көтеріңкі көңіл сыйлау, ұйымшылдыққа шақыру. Шапшаңдыққа баулу. Бүгінгі тренингке балалар жақсы ат салысты. Тренинг балаларға ұнады.

Тренингке он тоңыз бала қатысты. Балалар арасында достық орнады. Ойын жаттығулары қызықты өтті. Тренингке қатысқан балаларға үлкен рахмет айтамын.

Орындаған мектеп психологы: Ж.Ауанова